

ПРАКТИК ПСИХОЛОГТЫҢ
БАСҚА МАМАНДАРМЕН
ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ



Заңгерлік тәжірибедегі психологиялық ақпарат тергеу қызметінде, адвокаттық іс – әрекетте және сот өндірісінде қолданылады. Заңгерлік іс – әрекеттің қайсібір түріне қатысқан психологтың міндеті қоғамдық өмірдің әділет органдарындағы айрықша психологиялық проблемаларды шешуде оларға көмек көрсетуде. Оның басты қызметі кінәлілердің, куәлардың және жәбірленушілердің тұлғасы мен мінез – құлқының жеке – даралық ерекшеліктерін нақты да объективті бағалау үшін сәйкес деректердің жергтеу әдістері мен арнайы психологиялық білімдерді қолдануда. Көптеген басым жағдайда сарапшы – психолог ғылыми біліктілігінің шегінде анықталған деректердің кәсіби бағасын беруі тиіс.

Психолог тергеу ісінің немесе соттың қаулысы бойынша келуге сараптаманың белгіленуі жөнінде анықтамасын немесе қаулысын шешуге ұсынылған мәселелер бойынша объективті қорытынды беруге міндетті.

Психолог –сарапшының алдындағы міндеттерді шешу үшін оған қылмыстық істің материалдары ұсынылуы тиіс. Сот – психологиялық сараптаманың алдын ала тергеудің материалдары аз болар ерте кезеңдерінде жүргізген орынсыз. Сарапшының істің жағдайларымен танысуға, тергеу кезінде және басқа да да тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергелушіге сараптаманың пәніне қатысты сұрақтарды қоюға, сараптаманы қызықтыратын мәліметтерді хабарлауы мүмкін куәгерлерді және басқа да адамдарды шақыруды сұрауға хұқы бар.



Әлеуметтік қызметкерлер тапсырыстары бойынша практикалық психологтардың орындауы мүмкін жұмыстардың әртекті түрлеріне мұқтаж. Бұл әлеуметтік қызмет көрсету орындарындағы мамандардың психикалық біліктілігін арттырулары, мұқтаж адамдарға көмек көрсетуде ерекше жағдайларды нақтылауға көмектесетін күрделі жеке дара жағдайлардың психодиагностикасы. Психолог материалды немесе медициналық көмек адамның өміріндегі тұрақты түрде жанданып отыратын сыни жағдайларды тудыратын мінез –құлқының зиянды стилін өзгертпегенде адам ең алдымен мінез –құлқының бейнесін өзгертуге мұқтаж болғандағы деректерді анықтайды.

Психолог нақты адамның дамуындағы міндеттер мен резервтеріндегі бара –бар бағдарға жауап берсе, әлеуметтік қызметкер сол адам қатынастарының жүйесіндегі маңызды фигуралардың біріне айналады, орындаушы бөлімді бағдардың мазмұнымен негізделген ықпал арқылы жүзеге асырады.

Әлеуметтік қызметкер қамқорлығындағы адамның жеке дара өмірінің рекшеліктері жайлы психологтың берген мәліметтеріне сүйеніп, тиімдірек жұмыс жасай бастайды: өзара сенімді қатынастарды тезірек қалыптастыра алады, құзырындағы қорларды анағұрлым үлкен қайтарымен жұмсайды, едәуір тұрақты нәтижелрге қол жеткізеді.



Педагогтар қызметінің мазмұны адамдармен жұмыс жасау болатын басқа мамандықтардың өкілдеріне қарағанда психологпен ынтымақтастыққа едәуір дайын болады. Егер кейбір педагогтық ұжымдарда біріккен іс –әрекетті ұйымдастыруда қиындықтар пайда болса, сәйкес дәстүрлердің болмауы, педагогты теориялық даярлау жүйесі мен қалыптасқан тәжірибенің арасының ажырауы оның себебіне айналуы мүмкін. Болашақ педагог мектептегі қажет үлгіде бекітілмейтін қомақты психологиялық білімді алады. Мектептегі психологиялық қызмет сол алшақтықты жеңдің жағымды жағдайларын қалыптастырады.

Оқушының тұлғасы, сынып ұжымы және оқу іс –әрекеті мұғалім мен психолог іс – әрекетінің ортақ кеңістігі болып табылады. Әрине, сол кеңістікке мұғалім, атааналар және психолог тұлғасының енетіні күмансыз.

Психолог сол кеңістікте әрекет етіп, психодиагностикалық ақпаратты ұсына жүріп, өзінің «контрагенттеріне» төмендегідей проблемаларды шешеуге көмектесуі қажет.

- Оқушы тұлғасының психологиялық құрылымына және оқу пәнінің ерекшеліктеріне бара –бар оқу іс –әрекетін құру.
- Мұғалімнің оқушының тұлғасы мен ішкі қорларын модельдеуі.
- Оқу пәні мазмұны мен әдістемесінің оқушының психологиялық ерекшеліктеріне және сынып ұжымының құндылықтарына бейімделуі.
- Оқушының санасында мұғалімді оның өмір мен өсуінің факторы ретінде репрезентациялануын түзе.
- Педагогтық процестің барлық мүшелерінің, мұғалімдердің (мектептің), оқушылардың, ата –аналардың (отбасының) әрекеттерін үйлестіру.

Практикалық психолог мектепке балалар, педагогтық және әлеуметтік психологиядан маман ретінде келеді. Ол өз жұмысында психикалық дамудың жас ерекшелік заңдылықтары мен жеке дара ерекшелігі жайлы, адам мінез –құлқының мотивтері мен психикалық іс – әрекетінің басталары жөніндегі кәсіби білімдеріне сүйенеді. Психолог – мектеп ұжымының тең хұқылы мүшесі әрі педагогтық процестің одан басқа ешкімнің кәсіби тұрғыда қамтамасыз ете алмайтын, атап айтқанда – оқушылардың психикалық даму динамикасын түсіндіріп, оның дамуына жоғары дәрежеде ықпал ете алмайтын қырына жауап береді.